

АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

II том

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

A 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баста кеңесі шешімімен ұсынылған
(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

Ғылыми-редакциялық кеңес:

Ж. Дәдебаев (*торага*), Ө. Әбдіманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,
Б. Жақып, А. Жақсылықов, Қ. Мәлібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарапқ,
А. Темірболат, Ж. Тілегөв, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (*хатшылар тобының
жетекшісі*), И. Әзімбаева (*жауапты хатышы*), Ә. Жапарова (*хатышы*)

Пікір жазған

филология ғылымдарының докторы, профессор *К.К. Мәдібаев*

Жалпы редакциясын басқарған

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

Құрастырылған, түсініктерін жазғандар:

П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Жауапты редактор

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ә. Тарапқ*

A 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. Ойлар мен толғаныстар / құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарапқ; жалпы ред баск. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.

ISBN 978-601-04-1283-5

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырган таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай тұралы сөз» толғауымен ашылған. Екінші томға абайтану саласында 1940 жылдан 1960 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан өткен, ғылыми және тағылымдық маңызы үлкен еңбектердің таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жогары сыйып окушылары мен жогары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

II томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық өлеуеттің артуына, қоғамдық санаудың дамуына ықпал етеді.

Том 3979/ГФ4 «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнараалық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

ISBN 978-601-04-1282-8

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

Фабит Мұсірепов

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДАҒЫ АБАЙДЫҢ ТАРИХИ ОРНЫ

Кошпелі де, қараңғы елдің ортасында өмірі өткен аса дарынды ақын Абай тағдырының қандай ауыр, қандай аянышты болғанын бар бейнесімен көз алдына өкеле қою да оңай емес. Ойсызыңыз тоқ жүрт үшін ізі білінбей өте беретін біріне-бірі үқсаған марғау құндер ойлы ақын үшін арылмай қойған азап болуға тиісті де. Үсті түгел қуарып, аздап қана астынан көктеп жататын күзгі даладай тозығы жеткен өмір ақын көңілін көтермеске керек. Сондай күйге ұшыраған ақын:

Ешкімге зияны жок, өзім көрген,
Бір қызық ісім екен сүм жалғанда! –

деп жүдеу көңілін аңшылық сияқты аз қызықпен көтергенін өзі айтып кеткен. Абай кезіндегі «сүм жалған» Абайдың зар сөзі:

Несі өмір,
Несі жүрт?
Өншең қырт,
Бас қаңғырт!

Бірін-бірі тез айдал, ел өмірін тез жаңартар заман ауысуы көшпелі далада ғасырларға созылады. Өмір – баяу да, мешеу. Ескілік сарылтып үзак жасайды да, жаңалық жіңішкелеп қана кіріп, кешеулеп тамырланады. Бәйбішелі-тоқалдығымен, әменгерлігімен, ақсақалдығымен міз бақпай мелшиіп түрған көрі заман жас өртенді көктей орып, тымағымен тұншықтырады. Отарышы мен озбыр үшін бүл елдің өзінен гөрі жұн-жүрқасы, тері-терсегі қымбат. Сондай жұт өмірде ақынға серпін беретін, ақын сезімін алға сүйреп, ақын ойына іздеу салатын өлеуметтік қақтығыстар қайсы? Қақтығыс болса, ол – патриархалдық-феодалдық басшыларының арасында өріден келе жатқан, бұқараны құнәсіз тоналамалап қажытқан ескілігі. Айын, құнін үңсіз жетелеп елеусіз өтіп жатқан жылдар да шын дарынға үйреншіктіден озге қорек бере

алмайды, баяғы бір ескісін тосады. Дала кең де, өмір шенбері тым тар, серпінсіз. Сол құнарсыздықты қызғана қорғап, Абайдың өзі жасаған дәүірі түгіл, одан арғы әжелер мен ғабайтар заманы ауыспастан тұр. Заман таразысын солардың заңы басып тұр, төбе би өлі солар. Бұл жабықтыратын да, жалықтыратын өмір. Сондықтан ақын:

Күнгірт көнілім сырласар,
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа, –

деп мұңдаймасқа шарасы жоқ.

Абай өз тұсындағы үстемдік иесі феодалдық үстем таптың шірік салт-сана, көзқарастарын қатты сынады. Қоғамдық тақырыптарға жазылған өлеңдері түгіл ғашықтық лирикасында да бұл ойынан іркілген жоқ. Аяқтап келгенде, тозығы жетіп, енді алға қарай аттар бір адымы қалмаған феодалдық қоғамға: «Несі жүрт, өңшеш қырт», – деп Абай өз кесімін айттып, болашаққа зер сала қарады. Мұынысында жалғыз ғана безінгендей емес, сол қоғамның болашағы жоқтығын сезінгендей те бар. Абай ойының шарқұрып ізденуінің бір себебі осында болуға тиісті.

Абай – әрі ұлы, әрі ұлттық ақын. Ұлы ақындардың орны тарихи мәні бар өзгерістерге, туған елінің бір сатыдан бір саты жоғары өрлей беруіне қай кезде бастаушы, қай кезде қостаушы бола білгеніне байланысты. Бұл жағынан алып қарағанда Абай көзқарастарында ұлы жазушы Лев Толстоймен сарындастық бар. Толстой сияқты Абай да ескірген заманды, озбырлықты, шен құмарлықты, патшалық құрылышты, ояз бен болысты, тоң мойын феодалдарды, оның тамағы тоқтықтан азып бара жатқан жастарын қатты сынға алады. Бұл – үстемдіктің іргесін қашап, ордасын шайқайтын еңбек, бұқара наразылығына мықты сүйеу болатын басшылық. Қалың бұқараның бірінші жауы феодал табы болса, ақынның қатал сынға алғаны да сол тап. Абайдың жақсылық іздейтіні – момын шаруа. Сондықтан бұл қазақ даласының тарихындағы халық тілегін айтқан ақын, үстем тапқа қарсы болған, бұқарада сүйеу болған ақын. Ленин ұлы жазушы Толстойды сы-

нағанда, оның феодалды монархиялы құрылыштың тас іргесін тітіреткенін аса ірі еңбек деп бағалайды; сонымен бірге 1861 жылдан кейін Россияда капитализм заманы орнағанда Толстойдың «деревнялық социализм» алданышынан аса алмай қалғанын аяусыз мінейді. Абайдың өлеуметтік көзқарасында да осы бар: ескіні сынау жолында ол бұқара тілегіне басшы, ал «не істей керек?» – дегенде басшы бола алмай қалады: оқы, үйрен, надандықтан құтыл, орыстан үйрен дегендөрі – бұқараға тасталған ұран.

Ленин 1840-1890 жылдардың арасын Россиядағы озық ойдың ұзақ іздену, көп азап арқылы марксизмді, революциялы теорияны тапқан кезеңі дейді. Лев Толстой осы елу жылдық дәуірге кіретін орыс халқының ұлы ойшыларының бәрін де жақсы біледі. Алғашқы еңбегін басқан революцияшыл демократтың бағытындағы «Современник» пен Толстой кейін ажырасып кеткені де мәлім. Белинский, Чернышевский, Плеханов түгіл, Толстой Лениннің «Байкотқа қарсы» деген еңбегін ерекше қадалып оқып, негізгі ойларының астын сызып қойғаны – тарихқа түскен анықтама. Ал Абай шे?

Біздің Абайды зерттеуші ғалымдарымыздың көпшілігі оның Михаэлис, Долгополов, Гросс, Леонтьев сияқты Чернышевскийден тәлім алған адамдармен жақсы танысып, достасып кеткендігін дәлелдейді. Бірақ революцияшыл-демократтық саяси ағымның Абайға қандай өсер еткенін, Абайдың нені қабылдағанын тереңірек дәлелдейтін дерек бізде өлі күнге дейін жоқтың қасы. Даусыз нөрсeler: Абайдың: «Дүниеге көзімді ашқан – Михаэлис», – дегені қазақ халқын орыс халқымен достасуға шақырғаны, Россияның патшасына қас, еліне достық көнілмен қарағаны. Бұл ойларын бұқараға арналған бөліп айтпай, елім деп тұтас айтқан күнде де оның прогрестік маңызы әлсіремейді. Шоқанда бұл бағыт терең де ашық, тұра саяси мағынада болса, Абай мұны көбінесе ақын тілімен, поэзиясының барлық бағытымен айтады. Бірақ өрісі бітіп, алды біржолата тұйықталып тұрған феодалдық даланың болашағы қайда, қай бағытта деген сұрауларға қоғамдық өркендеу тұрғысынан Абай берген жауап бар, ал оны толық ашып берген зерттеуші аз. Отар даланың тағдыры өз қолында емес екенін, өздігінен онаша ізденіп ел бола алмасын анық білгенін Абайдың барлық шығармасынан да анғаруға болады, дегенмен жоғарғы су-

раулардың жауабы өлі күнге жорамал дәрежесінде қалып келеді. Біздінше, өндірісті, капиталды, қала мен феодалдық сахараның арасындағы революциялық қақтығысты көрмеген, мал баққан көшпелі елде өмірі өткен ақын қоғамдық өсудің сатыдан-сатыға көтеріліп ауысып отырғанын зерттемеген де білмеген. Революциялық марксизмді жақсы білген Толстойдың капиталистік дәуірден әрі жатқан «крестьяндық социализм» көзқарасында қалып қойғаны сияқты, Абай да шаруа мәселесінен жоғарырақ көтеріле алмайды, тіпті сөз қылмайды. Сондықтан да Абай Салтыков пен Толстой арасына айырма қоймай атайды.

Революциялы ой ордасынан алыс, қыыр шетте жасаған Абайға бұл кінә емес, анықтау ғана. Шыққан ортасының, заманының қалып шытырман қайшылықтары мен қараңғылығына қарамастан, Абай өз дәуірінің прогресті ақыны екенін, қазақ халқының озық ойы екенін көрсетіп кетті. Абай заманындағы қазақ халқының алдында тұрған тарихи сұрау – болашақының кіммен бірге екендігі еді. Абай соған тұра жауап беріп, «орыс халқымен бірге!» – деді. Қазақ халқының ол кезеңі түгіл, бұғінгі күні тағдырын алдын ала шешетін негізгі сұрау да, жауап та осы еді. Абай осы әділ жауапты берді. Орыстың революцияшыл-демократтарының Абай жүргегіне терең орнаған ойы оның осы жауабында деуіміз керек.

Дала өмірінің мешеу ескілікке қамалып ұзақ қаңтарылып қалған кезінде Абай берген жалғыз жауап ел алдындағы тас кедергіні жүльип тастағанмен бірдей еді. Бұл – ең алдымен, даланың көртартпа феодалдарына қарсы, ғасырлар бойындағы әдеттерге қарсы ашық айтылған бұқара тілегі, ел тілегі.

Осы жауабында біржола бекінген Абайдың ақындық тізгіні де шешіліп кеткендей. Қырық жасына дейін ақындығына жете мән бермей келген Абайдың барлық мұрасы соңғы жиырма жылдық өмірінде жасалған. «Басқа шауып, төске өрлеп, қарасөзге дес бермей жүріп» қырыққа келіп қалған Абай енді поэзияға шұғыл бет бұрады. Бұдан өлеңнің әлеуметтік мәнін Абай Чернышевский шәкіртері арқылы терен ұғынды деген жорамал жасауға болады, екінші, «орыс халқымен бірге!» – деген өз жауабы ақынның өзіне де жаңа серпін береді, бойын сергітеді. Ақындығы ерте танылған Абайдың қағаз бен қаламға кеш, бірақ біржола мойын бұруы

бунап жүрген көп сұраулардың негізгі жауабын тапқанына байланысты болуға тиісті.

Қырықтан асқан Абайдың «жігіт ағасы», «ел ағасы» деген сияқты ел ішінде, өсіреле ел ортасында қатты қадірленетін беделі, тіпті күшейген кезі болуы керек. Бірақ Абай соның бәрін құрмалдық етіп, ақындығын табады. Бұл – әрине, прогресті үлкен ойдың өсері, ақын шабытына нәрлі де жаңа қорек табылғаны.

Колын кеш сермегендігіне өкінішпен бастаған Абай бізге қалдырган қымбат мұрасын жазба әдебиеттің жаңа кезеңіне сай үлгімен жасағанын көреміз. Бұл күнге дейінгі зерттеулерге қарағанда, Абайдың өз еңбектерінің ден салмағы соңғы 20 жылына (1884-1903) түссе, Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын аударған кезеңі де – осы. Бұдан екі қорытынды жасауға болады: 1) Абайдың өз шығармалары мен аударушылық еңбегі қатар жүріп отырған; 2) Абай творчествосындағы толып жатқан жаңа өлең түрлері Пушкин мен Лермонтов поэзиясын терең зерттеу нәтижесінен туған. Соңдықтан да Абай жасаған жаңа түрлер өлі күнге ескірмей, бүгінгі поэзиямызға үлгі болып, кейде тіпті өлі менгерे алмаған үлгі болып қалып отыр.

Абайдың жаңа түрлер табуын сөз қылғанда, бұл жалғыз түр мәселесі емес, мазмұн мен түрдің бірлігі, тұтастығы екенін ес-тен шығармауымыз керек. Біздің көп зерттеушілеріміз мұны өлі күнге дейін ескермей келеді. Абай түрді түр үшін емес, айтайын деген ойын дәлірек, өтімді де ұтымды етіп айту үшін іздең, жасаған да тапқан. Мысалы, жазылуы төрт буын болса да, оқығанда түгел үш буын болып кететін:

Несі өмір,
Несі жүргі?
Өншең қырт,
Бас қаңғырт! –

Біздің буынға бөлінетін силлабикалық өлеңдердей, бір сөзін бір сөзі лебімен бүркеп кетпейді, әр сөзін қаққан шегедей дәл оқытады. Болмаса:

Бойы бұлғаң,
Сөзі жылмаң,

Кімді көрсем, мен сонан –
Бетті бастым,
Қатты састьм,
Тұра қаштым жалма-жан, –

деген шумақты алайық. Жексүрын адамды суреттеуге түйреп айтылған төрт-ак сөзден құралған бастапқы екі жолы жетіп жатса, безіп кетуіне берілген соңғы үш жолы қандай! Бір сөзін өзгертуге болмайтын, ауыстыруға болмайтын, ойыңды әрі көркем, өнін дәл беретін тұр осындаи болуы керек. Біздің кейбір ақындарымыз он бір буынды «қара олеңді» көрі өжесінің санды жіліктеріндегі үшке бөліп, шашыратып шашып, жаңа тұр орнына ұсынып жүр. Бірақ өзгені қойып, Маяковскийдің аудармасын օқығанында да мұның бәрі оп-оңай жиналып, «қазакы» қара өлең болып шыға келеді. Ақынның түйреп айтайын деген ойы елеусіз қалады. Мүмкін Абай силлабо-тоникалық өлең түрін жасауды мақсат етіп қоймаган шығар. Бірақ ол мазмұнға сай тұр керектігін терең сезінген. Оны және ұлы Пушкин, Лермонтовтың реалистік поэзиясына сілтеп кеткен жөні, оны теренде ту – біздің бүгінгі ақындарымыздың парызы.

Көпіл қоя қарасақ, Абай поэзиясының күшті жағы мазмұнына сай тұр іздеген шығармаларында. Абайдың:

Ақыр заман жастары,
Қосылmas ешбір бастары... –

болмаса

Сыналар, ей жігіттер, келді кезің... –

деп басталатын өлеңдері, басқа біреу жазса түкке тұрмайды дей салатын нәрселер, ойға да қонбайды, есте де қалмайды. Ал мазмұнына тұрі сай келген «Сегіз аяқ», «Ем таба алмай», «Айттым сөлем, Қаламқас» сияқты өлеңдерін жүрттың көбі жатқа біледі. Абайды құрметтейтін, өскен дәуірдің ақындары оның поэзиямызды жоғары сатыға көтеруге жәрдемі тиетін жаңа тұрларін дамытуға тырысуға міндетті. Өйткені ол – жалғыз тұр емес, үлкен мағынасындағы поэзия мәселеі, кең шенберлі көлемді мәселе, ұлы орыс поэзиясының өскен жолы.

Абайдың ең алғаш кездескен поэзиялық мектебі ортағасырың Шығыс еді:

Физули, Шамси, Сайхали,
Науай, Са'ди, Фирдоуси,

.....

Мәдет, я шагири фәрияд! –

деп, Абай солардан мәдет тілеп бастады.

Бірақ поэзияның жаңа замандағы өлеуметтік маңызын же-
те ұғынған ұлы ақын өзінен кейінгі қазақ поэзиясына Батысты,
оның ішінде орыстың реалистік поэзиясын мектеп етуге жөн сіл-
теді. Өзі Шығыс мектебінен бастаған, Шығыстың барлық ұлы
ақындарымен терең таныстыры бар Абайдың аяқтап келгенде
орыстың реалистік әдебиетінің жөнін сілтеві – терең мағынадағы
прогрестік көзқарас. Мұның нәрлі де құнарлы бағыт екенін біз
қазіргі қазақ совет әдебиетінің оркендеу тәжірибесінен де көріп
отырмыз.

Осы берік бағытын Абай өзінің әдебиеттік еңбегі мен қазақ
халқының сезім-санасына, өсірессе көркемдік сезімі бар ақын-өн-
шілеріміздің сана-сезіміне өзгермestey-өшпестей етіп мықтап
қүйіп кетті. Абай заманындағы қараңғы қазаққа Пушкин, Лер-
монтов шығармаларын жатсырмластай жатық етіп аударып беру
– тарихи маңызы бар енбек. Пушкин, Лермонтов жырларын Абай
өлеңімен де, өндерімен де тұракты да өмірлі етіп қазақ халқының
сезім дүниесіне сіңіріп кетті. Соңдықтан осы күнгө дейінгі қазақ
тіліндегі Пушкин мен Лермонтовты еске алғанда, ең алдымен,
Абай аудармасы тілге оралады.

Таңғажайып бұл қалай хат,
Мағынасы алыс, езі жас?
Сөзі орамды, әр түрі жат
Және әдепті және рас... –

деп бас қосылған жерде біреуіміз бастасақ, енді біреу:

Бұл кінө емес, әншнейін наз,
Сағынамын айтамын,

Досың-ақпышын, тағдыр араз,
Толғанамын қайтемін... –

деп созып әкетеді.

Абай аудармаларының еркіндігі, дәл еместігі, кейде косып, кейде жонып отыратындығы мәлім нәрсе. Бірақ принципінде бұл бір тілдегі шығарманы екінші тілде қайта жасау жолында (вос-создание) жақындейды да біздің заманда өсіріп-өркендетуді ті-лейді. Абай аударып отырған шығарманың рухын, поэзиялық көркемдігін ақыл мен сезімге дәл тиетін етіп шығарады. Абай – жасаушы да өзі, сыншы да өзі болған ақын. Оның айналасында көркем сөзге бейім адамдар болғанымен, бұрын болмаған жаңа поэзияға жәрдем етер бірі жоқ. «Аттың сыны», «Жазды құн шілде болғанда» сияқты өлеңдеріне пікір айта алса да, терең сезім, жаңа теңеу, жаңа түр, ой жағынан оларға сүйене де, сене де алмайтын еді. Абайдың ұстазы да, мектебі де – XIX ғасырдағы орыс халқының озық поэзиясы, өсіресе Пушкин мен Лермонтов.

Абайдан кейінгі елу жылдың ішінде қазақ халқының жазба әдебиеті XIX ғасырда арман ете алмайтын биікке көтерілді. Абайға қоя алмайтын сындарды көтеретін үлкен әдебиетке айналды. Оның аты – қазақ совет әдебиеті, ол – советтік дәүіріміздің жемі-сі, ескен ойдан туған, өзінін әлеуметтік асыл құрал екенін таныған әдебиет. Біздің осы табыстарымызда қазақ халқының барлық болашағын орыс халқымен біріктіруге өшпейтін еңбек еткен ұлы ақыннымыз Абайдың да үлкен еншісі бар. Оның тарихтан алар орны да осында, ол қазақ халқын орыс халқымен достастыруға си-ңірген еңбегі арқылы, барлық рухани өрімізге жөн сілтеді.

ТҮСІНІКТЕР

1. Әуезов М. Абайдың өмірбаяны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов Мұхтар. Жиырма томдышқ шығармалар жинағы. 20-том. Монография мен мақалалар / жауапты шығарушылар: Л. Әуезова, З. Серікқалиев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 26-90-беттер; Абай институтының вебсайты.

2. Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Коммунист. – №9. – 1940. – 27-36-беттер; Абай институтының вебсайты.

3. Бәжеев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. Әдеби-сын мақалалар мен зерттеулер / құраст. филологияғылымдарының докторы, профессор Нығмет Faабдуллин. – Алматы: Жазушы, 1986. – 209-224-беттер; Абай институтының вебсайты.

4. Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кеменгері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының толық жинағы. – Алматы: «Қазбірмемдік» баспасы, 1945. – VII-XXIV беттер; Абай институтының вебсайты.

5. Мұсірепов F. Қазақ әдебиетінің өркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: «ҚазССР FA» баспасы, 1954. – 30-37-беттер; Абай институтының вебсайты.

6. Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны // Социалистік Қазақстан. – 15 май. – №94 (2859). – 1945; Абай институтының вебсайты.

7. Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы пындық және әлеуметтік теңсіздік мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: проф. Қ.Ж. Жұмалиев Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-том. – Алматы, 1960. – 83-110-беттер; Абай институтының вебсайты.

8. Қаратаев М. Абайды армандасақ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 155-159-беттер; Абай институтының вебсайты.

9. Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР FA баспасы, 1954. – 162-172-беттер; Абай институтының вебсайты.

10. Тәжібаев Ә. Абай және қазақ лирикасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мақала алғаш рет 1945 жылы «Майдан» журналында басылған, автордың «Өмір және поэзия» кітабында жарық көрген. Мақала ақынның бес томдышқ шығармалар жинағының төртінші томында жарияланған басылымы бойынша берілді: Тәжібаев Ә. Бес томдышқ шығармалар жинағы. 4-том. – Фылыми еңбектер. – Алматы: Жазушы, 1981. – 26-58-беттер; Абай институтының вебсайты.

11. Бекхожин Х. Абай және «Дала уалаяты». Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 355-364-беттер; Абай институтының вебсайты.

12. Мұқамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Мұхамедханов Қ. Қөп томдышқ шығар-

малар жинағы. I том. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Алаш, 2005; Абай институтының вебсайты.

13. Омаров І. Ата сөзі. Баспасөзде жарияланған: Омаров І. Өмір мен өнер (очерктер, мақалалар, өлеңдер, хаттар, естеліктер) / құраст. Қ. Құрманғали. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖПС, 2012. – 286-291-беттер.

14. Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев. Баспасөзде жарияланған: Қоңыратбаев Ә. Қазақ әдебиетінің тарихы: оқу куралы / құраст., алғы сөзін жазған Т. Қоңыратбаев. – Алматы: Санат, 1994. – 147-167-беттер; Абай институтының вебсайты.

МАЗМУНЫ

Әуезов М. Абайдың өмірбаяны	3
Беккожин Қ. Қазақ халқының ұлы ақыны	68
Бәжесев М. «Евгений Онегин» Абай аудармасында	85
Мұқанов С. Абай – қазақ халқының ұлы кемеңгері	103
Мұсірепов Ф. Қазақ өдебиетінің оркендеуі жолындағы Абайдың тарихи орны	119
Әуезов М., Кенжебаев Б. Абай – қазақтың ұлы ақыны	127
Жұмалиев Қ. Абай шығармаларындағы шындық және өлеуметтік тенсіздік мәселелері.....	143
Қаратаяев М. Абайды армандасан.....	163
Нұртазин Т. Абайдың ақындық шеберлігі туралы.....	168
Тәжібаев Ә. Абайдың лирикасы	178
Беккожин Қ. Абай және «Дала уалаяты»	203
Мұхамедханов Қ. Абай шығармаларының текстологиясы жайында	213
Омаров I. Ата сөзі	235
Қоңыратбаев Ә. Абай Құнанбаев	240
Түсініктер.....	261

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР
II том
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:
П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *G. Рустембекова*
Компьютерде беттеген және
мұқабаны безендірген *K. Өмірбекова*

ИБ№8549

Басуға 06.10.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.
Көлемі 16,5 б.т. Офсетті қағаз. Сандақ басылыш. Тапсырыс №1507.
Таралымы 50 дана. Багасы келісімді.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.